

свою награду Эдне. После этой истории Миллей стала знаменитостью, а богатая женщина Кэролайн Доу оплатила обучение поэтессы в колледже Вассер. Окончив его в 1917 году, Эдна переехала в Нью-Йорк.

В Нью-Йорке Миллей жила в Гринвич Виллидж и вела свободную богемную жизнь. Слава её росла. В 1923 году её сборник «Harp-Weaver and other poems» получил Пулитцеровскую премию — впервые этой награды за стихи была удостоена женщина. Миллей — мастер сонета, баллады, в форме ориентировалась на классические традиции; отзвуки злобы дня (место женщины в обществе и т. п.) также находили отражение в её творчестве. На её репутации отрицательно сказались патриотические стихи, написанные в годы Второй мировой войны; критик «Лос-Анджелес Таймс» Мерл Рубин отметила, что, «казалось, она вызвала больше нападок американских критиков своими стихами в поддержку демократии, чем Эзра Паунд стихами в защиту фашизма». Тем не менее в 1943 году, во время войны, Миллей получила медаль Роберта Фроста за выдающийся вклад в поэзию.

Марианна Мур (*Marianne Craig Moore*, 1887-1972) — американская поэтесса, одна из ведущих представительниц модернизма, лауреат многих премий (включая *National Book Award* и *Pulitzer Prize* в 1951 году), писавшая в своеобразной, яркой манере, сочетавшей точность и насыщен-

ность с обильным цитированием и редким умением «многообразие идей вложить в один, компактный образ. Т.С.Элиот назвал творчество Мур «частицей того очень редкого вещества, что называется неэфемерной современной поэзией» Мур приобрела известность и популярность в литературных кругах Нью-Йорка, где на приемах у мэра неоднократно брала на себя роль хозяйки вечера. Она нередко посещала боксерские соревнования и бейсбольные матчи, причем была большой поклонницей Мухаммеда Али, для альбома которого (*I Am the Greatest!*) написала вступление на обложке. Мур продолжала публиковаться в таких изданиях, как *The Nation*, *The New Republic* и *Partisan Review*.

Каждая из этих писательниц уникальна по своему, каждая из них, несомненно, оставила свой почерк в истории развития Американской литературы 19 века. Каждая из них и многие другие, достойна по праву называться «Гордостью Американской культуры и литературы». Женщина-писатель всегда интересна, всегда загадка. Ведь каждая женщина это - прежде всего личность. Это тема - очень глубока и обширна, поэтому хочу продолжить свое исследование в данной области...

Мақала 19 ғасырдағы АҚШ-тың әйел-жазушыларының шығармаларына арналған.

This article is devoted to women-writers' works of the USA in the 19th century.

Н. Кенжегараев

АБАЙ ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ МОНОДИАЛОГ ТҮРЛЕРІ

Әдебиеттану ғылымында сөз өнерінің қай тегі болмасын, баяндаудың негізгі түрі ретінде монолог және диалог түрлері арқылы мәтін туындайтындығы туралы қалыптасқан пікір бар. Баяндау, нарратологияның өзі авторлық дискурстың компоненттері екендігін айтып өтуіміз керек. Шығарма авторы өз туындысын сөз өнерінің қай жанрында тудырамының алдында баяндаудың қандай формасында жеткізуді жоспарлайтындығы ақиқат. Әдебиеттану ғылымында мифологизацияға көп жол берілмеуі керек сияқты көрінеді. Поэзия жанрында, оның ішінде лирикада «ғайыптан өлең қону», «көк ала үйрек

ұшып келу», «түс көру», «аузына түкіру», «әруақ аян беру» сынды мифологизацияның әлі күнге орын алып келгендігін жоққа шығара алмаймыз. Әлемнің ғажайып, тылсым күштерінің барлығы шындық болар, ақындық өнер тек арқылы қанмен беріледі, болмысынан дариды деген пікірлер де ойға қонымды. Кез-келген адамнан да ғажап лирика туа бермейтіні де рас. Ақындық туа бітті табиғи дарынымен қатар, ойлау жүйесі шығармашылыққа негізделген, рухани және интеллектуалдық әлемі сұлулық пен адамгершілікпен, әсемдік пен ізгілікпен бой түзеген, тәрбиеленген, бойындағы ізгі қасиеттерді поэтикалық шеберлік арқылы дамыта

білген тұлғаның ғана қолынан келетін іс. Бұл деген сөз поэзия бірден туа қоймайтын, күйбең тіршіліктен қолы қалт еткенде отыра салып, жазып тастайтын, не табан астынан суырып салып айта салатын экспромты дүние емес. Импровизациялық, суырып салмалық өнер де, қазақтың бай тарихы бар ауызша туған индивидуалды әдебиеті де, яки ақын-жыраулар поэзиясы да әдеби мектептің, әдеби дәстүрдің жемісі, жалғасы, көрінісі.

Қазіргі таңдағы әлемдік әдебиеттану ғылымында сөз өнерінің табиғатының диалогтығы мойындалған аксиомаға айналды. Әдебиеттанудың мұндай тұжырымға тоқтауына орыс ғалымдары М.Бахтин, Ю.Лотманның әдебиеттанушылық мектептерінің ықпалы өте мол болды. Сөз өнерінің қандай бір тегі, қандай бір жанры болмасын ол – диалогты. Лирикалық шығарма автор тарапына баяндалатындықтан, сырт көзге ақынның барлық айтқандары монолог сынды көрінетіні рас. Ал көркем шығармашылықтың табиғатымен айналысып жүрген зерттеушілер үшін бұл қарабайыр тұжырым ретінде көрінеді. Лирикалық шығарманың тууы барысында көркем шығармашылықтың бірнеше заңдылықтары жүзеге асады, олар: автор – кейіпкер, автор – баяндаушы, автор - оқырман қатынастары.

Автор туындысын не үшін шығарады, қалай шығарады және кім үшін шығарады деген сұрақтар лирика зерттеушісінің алдына қойылып отыруы керек. Авторлық дискурс, авторлық стратегия, адресат ұғымдары лирика жанрының ажырамас бөліктеріне айналуы тиіс.

Әдебиеттанушы әдеби үдерісте қолданылып жүрген «монолог» және «диалог» ұғымдарының тек сыртқы айырмашылығына байланысты қолданылған функциясынан аулақ тұруы қажет. Монолог – бір адамның сөзі, диалог – екі адамның сөйлесуі деген қасаң қағиданың шеңберінен шығуымыз керек. Алайда әдеби процестегі, әдеби нарратологиядағы монологты зерттеген қаншама монографиялар жазылды, қаншама диссертациялар қорғалды. Енді монологтың диалогтық генезисіне терең назар аударатын кезек жетті. Бұл ретте ғалым Т.Т.Савченконың мына пікірлерінің жаны бар: «Концепция диалогической природы слова и в связи с этим понимание сложной внутренней его структуры позволяет распространить идею диалогичности на лирическую систему. В связи с этим мы исходим из того, что мир лирического произведения диалогичен. В лирической системе слово не монологично, как считают теоретики. Оно диалогично, поскольку субъект речи как персонаж лирического произведения обращает

его к некоему адресату, который тоже является персонею произведения. В отличие от прагматического аспекта изучения адресата, который является категорией затекстовой или внетекстовой, то есть адресатом–читателем, мы остаемся в пределах внутренней структуры произведения, и в ней, в этой внутренней структуре, мы исследуем диалогические отношения. Избранный подход актуализирует проблему лирики. Таким образом, делается новый шаг в изучении родовой специфики лирики» [1, 6].

Абайға дейін лирика жанры қалыптасып, кемеліне келіп қойған жанр емес еді. Абай қазақ лирика жанрын кәсіби лирика деңгейіне жеткізіп дамытқан, өлең өрнегі тұрғысынан да, идеялық мазмұны тұрғысынан да жаңа белеске көтерген тұлға ретінде әдебиет тарихында мәңгілік есімі қала бермек. Ақын өлеңдерінің бәрі лирика еместігі қазіргі көзі қарақты зерттеуші үшін белгілі. Абай шығармашылығы да бірнеше даму сатыларын басынан өткерген. Шығармашылықты даму эволюциясынсыз, динамикасынсыз қарастырмауымыз керек. Абай да лирик деңгейіне бірден жеткен жоқ. Оны ақын шығармашылығын зерттеген ғұлама ғалым М.Әуезовтен бастап, көптеген ғалымдарымыз С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, З.Ахметов, А.Нұрқатов, т.б. өз зерттеулерінде айтып өткен.

Өнерлердің ішіндегі ең субъективті деп саналатын лирика жанрындағы баяндалудың түрлерін сөз етсек, монолог, ішкі монолог түрлері тілге етіледі. «В лирике предметом представления являются чувства и душевные состояния, выраженные в языковом материале, сформированном специально с этой целью, а главная передающая форма – монолог, излияние лирического субъекта» [2, 159], - деген ғалым ойларынан да лириканың монологтылығы, оның баяндалу формасы да – монолог арқылы берілетіндігін айғақтайтын ұстанымдарды көріп отырмыз. М.Бахтин мектебінің өкілі М.В.Строганов бұл пікірлерге мүлде басқаша көзқарас танытады: «Если мы рассматриваем диалог как элементарную и примитивную модель всякого речевого общения, то нам следует признать, что монолога как такового, *монолога* (курсив менікі – Н.К.) как самостоятельного явления речи не существует. Это фикция, порожденная несоциологическим анализом речи. Можно сказать, что любое произведение человеческого общения - это загнанный вовнутрь монолога диалог» [3, 72]. М.Бахтиннің тұжырымдарына сүйенген М.Строганов әдеби шығармашылықтағы баяндалудың түрлерінің диалогты болатындығын дәлелдейді. Көрнекті теоретик М.Бахтин өзінің

«Проблемы поэтики Достоевского» монографиясында көне грек әдебиетін, оның ішінде «Мениппея» жанрын талдай отырып, өнердегі «диатриба», «солилоквиум», «симпасион» жанрларына тоқталады [4, 138]. Ғалымның айтуы бойынша, бұл өнердің үш жанры да диалогтық қатынастарға негізделген. Диатрибаға берілген анықтама мынадай: «Диатриба – это внутренне диалогизованный риторический жанр, построенный обычно в форме беседы с отсутствующим собеседником, что приводило к диалогизации самого процесса речи и мысли.

Нужно отметить, что именно диатриба, а не классическая риторика оказала определяющее влияние на жанровые особенности древнехристианской проповеди» [4, 138]. Ал солилоквиум жанрының ерекшеліктері мынада: «Диалогическое отношение к себе самому определяет жанр солилоквиума. Это беседа с самим собою. В основе жанра лежит открытие внутреннего человека – «себя самого», доступного не пассивному самонаблюдению, а только активному диалогическому подходу к себе самому, разрушающему наивную целостность представлений о себе, лежавшую в основе лирического, эпического и трагического образа человека. Диалогический подход к себе самому разбивает внешние оболочки образа себя самого, существующие для других людей, определяющие внешнюю оценку человека (в глазах других) и замутняющие чистоту самосознания» [4, 138]. Поэтикалық жанрлардың қалыптасу кезінде түрлі түр ауыстырушылықтардың, бір түрден екінші түрге өту үдерістерінің орын алғандығын ескерсек, диатриба, солилоквиум жанрлары лирика жанрына трансформацияланған сынды көрінеді.

Абайдың 1898 жылы жазған, ақын өлеңдерінің ішіндегі шоқтығы биік, кемел лириканың көрінісі ретінде есептеліп, ішкі жан дүниесін, тебіреністерін толыққанды ақтарып салатын сыршыл лириканың жемісі деп мойындалып, көптеген ғалымдардың талдауына іліккен «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» атты өлеңі ойшылдың монологы деп бағаланған.

Ақынның осы өлеңін диалог деп бағалауымыз теориялық тұрғыдан объективті ме? М.Бахтин монологты былай сипаттайды: «Монолог как речь, никому не адресованная и не предполагающая ответа» [5, 448].

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?

Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?

Махаббат, ғадауат пен майдандасқан,

Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? [6, 48].

Осы өлең жолдарының томаға-тұйық диалог, не әрі кеткенде кең мағына ішкі диалог деп бағалауымыз да, өлеңнің дискурсын толық

ашып бере алмайды. Өлеңнің басын, бірінші тармақты автор сұрақ қоюмен бастайды. Сұрақ қою диалог шеңберінде болмаса керек. Автор мен «лирикалық мен» қатынасының белгілі тәсілі арқылы жүзеге асырылып, автокоммуникация орын алған. Лирика жанрының ерекшеліктерін айғақтайтын баяндау тәсілдерінің «лирикалық мен», «лирикалық кейіпкер», «лирикалық қаһарман» арқылы жеткізілетіндігі белгілі. Автордың сұрағы тек лирикалық қаһарманға бағытталмаған, абстракциялы оқырман, әр уақыттың, әр заманның оқырманына арналған. Реалды нақты шақтағы, реалды болашақтағы оқырманмен қатар, санадағы абсолютті болашаққа қарап айтылған. Демек, лирикалық қаһарманның сөзін бағыттап тұрған объектісі бар. Өлең диалогқа құрылған деген сөз. Абайдың осы өлеңінде жоғарыда М.Бахтин келтірген диалогизмнің екі түрі бар. Диатриба бар деуіміз, өлеңнің белгісіз, абстракциялы, қиялдағы оқырманға, тыңдарманға арналғандығы. Солилоквиум орын алған деуіміз, автор кей тұстары өзін объектіге айналдырып, ішкі жан әлеміндегі сырларын айтуы, лирикалық қаһарманның өзі-өзімен ақылдасуы, сырласуы, мұндасуы үдерістерінің ортаға шығуынан келіп туындайды. Ақын сұрағы лирикалық қаһарманға қойылса да, оқырман да ол сұрақтарға жауап беруге тырысады. Іштей ойланады, өзін қаһарманның орнына қойып көреді. Автордың бұл сұрақтарында жауаптардың да ізі жатыр. Автор өз ішкі әлемінің жай-күйін беру үшін, оқырманға мүмкін болуы ықтимал дайын жауапты да беретіндей. Әрине, адам өлгенде денесі берілетін жер қойнауы сыз болады, сондай-ақ өлген адам тіл қатпайды. Ақын оқырманына рухани-эстетикалық тағылым беру үшін арнайы риторикалық сұрақ-жауап формасын, диалогты таңдап алған.

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?

Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?

Асау жүрек аяғын шалыс басқан

Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Ақын болашақпен сырласады. Болашаққа үн қататындай көрінеді. Бұл шумақтағы адресат, объект – болашақ оқырман. Ақынның «артқыға» деп отырғаны, өзі өлгеннен кейінгі артында қалған ұрпақ, болашақта дүниеге келетін ұрпақ болса керек. «Пәленшенің баласы, пәленшенің ұрпағы, қазағым, қазақ баласы» деп те отырған жоқ ақын. Келер ұрпақ – абстрактілі. Ол ақын сөзін оқыған кез-келген ұлттың өкілі де болуы мүмкін.

Сонда жауап бере алман мен бишара,

Сіздерге еркін тиер, байқап қара.

Екі күймек бір жанға әділет пе?

Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Абайдың осы өлеңінде диатриба мен солилоквиумның екеуі де қатар кездеседі деуіміздің тағы бір дәлелі. Ақын бұл шумақта тек өзімен-өзі ғана сыр алсып, жан жүрегін ақтарып отырған жоқ, мұнда абстрактілі адресат та орын алған. Автор оған айрықша мән беріп «Сіздерге» деп арнайы үн қатуы, болашақтағы оқырманның жалғыз емес, көп екендігінен хабар беріп отыр.

Абайдың бұл өлеңін болашаққа арнаған арнау деп бағаласақ та болатындай. Ақын бастапқы әдетінше, өзі риторикалық сұрақ қоя отырып, оған жауабын да өзі береді. Болашақтағы оқырманының жауабының желісі қандай болатындығын білетіндей, өз жарасына жағатын емді өзі белгілеп, жанға әсер етудің әсерлі жолдарын ойлап табады.

Жүрегінің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Болашақ оқырманымен наздасқан ақын, өз тағдырын таразылай отырып, болашағына наз айтады, қиялдағы қабылдаушысының түрлі ойға шомып, түрлі пікір түйетін сезіп, олардың айтар сөзіне жауап ретінде өз жайына өзі бағасын береді. Басқа өлеңдеріне қарағанда, Абайдың осы өлеңінде ақынның өзіндік бейнесі сомдалып, ішкі тебіреністері орын алады. Жан жүрегіндегі түпкі сырға бой алдыра бермейтін ақын, өлеңімен болашаққа назын айтып кетеді. Осы өлеңдегі баяндаудың құрылымын төмендегі кестеде көрсетуге тырысайық:

Автор-кейіпкер сөзі ↔ оқырман жауабы ↔ кейіпкер жауабы.

Монодиалог ↔ диалог ↔ полилог

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

Өз өмірінде орын алған, субъективті және объективті факторлардан туындаған проблемалардың дауасы табылмағандықтан, тағдыры тауқыметті болды, болашақ адресат, ақын шығармашылығына объективті көзқараста болып, шын да әділ бағасын беруін өтінгендей.

Абайдың бұл өлеңінің ерекшелігі лирикадағы баяндалудың диалог формасының диатриба, силолоквиум түрлерінің қатар қолданылуымен ғана түсіндірілмесе керек. Өлеңнің адресаты – абстрактілі болашақтағы оқырман. Өлеңнің идеялық мазмұнын талдаушылар бұл өлеңді болашақпен тілдесу, араздасу, болашақ алдында өзін ақтап алу, болашаққа үн қату деген сынды талдауларды жасады. Өлеңде монодиалогпен қатар оқырман жауабын ойша ескере отырып, оған жауап беріп, полилог орын алған. Автордың санасында оқушы болмысы үнемі тұратындығын ескерген лирика заңдылығынан туындаса керек. Лирика жанрына таңылған «лириканың баяндалу түрі - монологты» деген қағиданың бір жақты және тар шенберде айтылғанына назар аудара отырып, кез-келген монологтың өзі диалогты болатындығын дәлелдеп, әдеби қауымда жылдар бойына қалыптасып қалған қағидатты бір жақты терістеу мүмкін еместігінен, монодиалог деген атаудың қолданылуы объективті көрінеді. Абай шығармашылығында монодиалогтық, диалогтық, полилогтық баяндалу, не поэтикалық нарратология тұрғысынан талдауды қажет етіп тұрған өлеңдер тек мұнымен шектелмейді. Ақынның сыршыл лирикасына жататын өлеңдері зерттеулерді күтіп отыр.

1. Савченко Т.Т. Субъективный строй русской лирики (на материале поэзии XVII – первой трети XIX веков). 10.01.01 – русская литература. Автореферат. доктора филолог. наук. Алматы, 2007.

2. Джуанышбеков Н.О., Темирболат А.Б. Теория литературы. Алматы: Ценные бумаги, 2009.

3. Строганов М.В. Автор – герой – читатель и проблема жанра. Калинин: КГУ, 1989.

4. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. Москва: Советская Россия, 1979.

5. Бахтин М.М. Литературные-критические статьи. Москва: Художественная литература, 1986.

6. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Алматы: Жазушы, 1995.

В данной статье исследуются виды повествования в лирике великого казахского поэта А.Кунанбаева.

This article examines types of storytelling in the lyrics of the great Kazakh poet A.Kunanbaev.